

27.01.2016ж

Сабақтың тақырыбы:

Бақша ағаштары

(Ы.Алтынсарин)

Өз бетінше білімдерін
толықтыруға
машықтандыру

Білімділік мақсаты

- Оқушыларға автор туралы мағлұмат беру.

Мәтіннің мазмұнын
түсіндіру

Оқушылардың пәнге
қызығушылықтарын, және
жекелеген оқушылардың
белсенділігін арттыру.

Дамытушылық мақсаты:



Алған білімдерін
мысалдармен бекітіп,
қорытынды жасауға
үйрету



Ой-өрістерін кеңейтіп,
ізденушілікке баулу


Тәрбиелік мақсаты:



Алдарына қойған мақсаттарына жетуге және өздеріне сенімді болуға тәрбиелеу.



Жауапкершілікке, топпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.



Сабақтың түрі:

- Біліктілік пен дағдыны қалыптастыру
- Білімді тиянақтау

Сабақтың типі:

- Практикалық, пысықтау сабағы

Көрнекілігі:

- Суреттер
- карточкалар, графикалық тапсырмалар
- Қорытындылау парағы

Сабақта қолданылатын стратегиялар: ой-толғаныс, топтастыру, графикалық тапсырмалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

- Оқушыларды түгелдеу, назарларын сабаққа аударту.
- сыныптағы гигиеналық талаптың орындалуын тексеру.
- оқушыларды 2 топқа бөлу.(әрқайсысында 4-5 оқушыдан)

Шаттық шеңбері:

Табиғат ,сен тіршілік тұнып тұрған

Сен- Күнсің көтерілген күліп қырдан.

Сен -ормансың,

Сен -бұлбұлсың,

Сен- көлсің,


Адамға сұлулықты шын ұқтырған деп- балаларға бір-біріне деген жылы лебіздерін білдіреді.

II. Үй жұмысын сұрау.



1. Мәнерлеп оқу
2. Сұрақ- жауап
3. Әр шумаққа тақырып қою
4. Мақал- мәтел жаттау

III. Жаңа сабақ

Ой қозғау:





1. Балалар, суретте кім бейнеленген?
2. Ыбырай атамның қандай өлеңдерін білесіңдер?





Жаңсы

Жамал



ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚ

“БЕТІМЕН КЕТКЕН БАЛА” ДЕГЕНДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕСІҢДЕР?

“ІШІНЕ - СЫРТЫНА”ӘДІСІ

жақсы	жаман

IV.Дәптермен жұмыс

Сөздіктер

Әбірет- тәлім тәрбие,үлгі

Бағып-қағу- ерекше көңіл бөліп өсіру

V.Қорытындылау:

Топтастыру әдісі бойынша сабақты қорытындылау

ТОПТАСТЫРУ ӘДІСІ



III. Ой толғаныс

Графикалық т апсырмалар таратылады.

Мұнда дұрыс жауапты белгісімен, ал қате жауапты белгісімен белгілеу керек. Нәтижесінде барлық жауаптарды біріктіргенде қос түйенің өркеші шығу керек.

- Ы.Алтынсариннің шын аты Ибраһим

-»Кел балалар оқылық!» өлеңінің авторы Абай

- Ы.Алтынсарин дәрігер

- «Бақша ағаштары» шығармасының авторы Ы.Алтынсарин

- Ыбырайдың әкесі Құнанбай

- Жаман болсаң -озарсың
Жақсы болсаң -тозарсың

- Ы.Алтынсарин ең алғаш мектеп ашқан ұстаз



VI. Үйге тапсырма

Мәтінді түсініп оқу
I сыныпта оқыған “Кел, балалар,
оқылық!” өлеңін еске түсіріп жаттап келу

VII . Бағалау